

# ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

---

*У. А. Ахатов*

## СМАҒҰЛ САДУАҚАСОВ: МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезі Қазақстанның мемлекет және құқық тарихында шешуші әрі тағдырлы кезеңге айналғаны баршаға мәлім. Себебі, Ресейдің империялық саясаты, одан кейін Кеңестік Ресейдің жүргізген реформаларының нәтижесінде Қазақ жерлері, оның ішінде қазақ халқының тозы шығып, бытыраңқылыққа айналдырылған болатын. Кейіннен, 1924 жылы орын алған Орта Азия республикаларын ұлттық-мемлекеттік межелеу науқанының нәтижесінде қазақ жерлерінің қайта қосылуына, ұлттық бірлік болмысын қайта жаңғыртуда, елім, жерім дейтін талай азаматтар дүниеге келді.

Ондай азаматтардың еліміздің егемендікке қол жеткізуіндегі ролі мен орны ерекше. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері» еңбегінде оны келесідей бағалайды. «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында тарихтың тұңғышына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамстан туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына құрмет көрсеткеніміз жөн. Осының бәрі, сайып келгенде, Қазақ мемлекеттігінің қайта калпына келуіне қол жеткізді» [1, 148 б.].

Сондай азаматтардың бірі, әрі бірегейі – Смағұл Садуақасов болатын. С. Садуақасов жастайынан ел басқару ісіне араласып, ұлты мен жерінің аласапыран дәуірінде бірлігі мен мызғымастығын сақтауға үлес қосқан шыншыл азамат. Сол үшін де Смағұл Садуақасұлы өз дәуірінде қызыл империяның саясатына сай келмей қудалауға ұшыраған.

Осы тұста Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегіндегі мына бір «Сонымен бірге отаршылдық пен кеңестік деп аталатын кезеңдегі қазақ ұлтының тіршілігіне қатысты мәселелер де түбегейлі қайта танып-түсінуді қажет етеді» [2, 16 б.] деген алдымызға қойған міндетті ескеретін болсақ, өткен төл тарихымыздың өткеніне объективті баға беру (әрине бұл тұста асыра сілтеушілікке жол бермеу қажет) ғылым алдындағы аса жауапты міндет.

С. Садуақасов Қазақстанда Кеңес билігінің орнауына, сол арқылы өз халқының мұң-мұқтаждарына болысуға әрекет еткендердің бірі. Ол жастайынан саяси оқиғаларға араласып, мемлекеттік істерге кірісіп кеткен. Ол 1900 жылы туылған. Кейбір деректерде Ақмола губерниясының Қорған болысында, ал кейбір деректерде Көкшетау қаласының маңындағы Жарқын ауылында дүниеге келген. Жастайынан әкесінен мұсылмандық білім алып, сауатын ашқан. Кейіннен Омск қаласындағы ауылшаруашылық мектебіне түсіп, оны 1915 жылы аяқтайды. Ол онда қазақ өнері мен шығармашылығының майталмандары М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, К. Кеменгеров секілді азаматтармен танысып, өзінің шығармашылық талантын ұштауға зор мүмкіндік алады [3, 1 б.].

Оның мектепте білім алуы уақыты, елдегі саяси тұрақсыздық пен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен тұспа-тұс келгендіктен, елде орын алып жатқан әділетсіздіктерге өз саяси позициясын білдіру мақсатында түрлі ұйымдарға кіріп, оның белсенді мүшесіне айналады. «Смағұл Садуақасовтың жас та болса ел басқару, халық тағдырын ең жоғарғы деңгейдегі билік тұтқасын ұстағандармен тайталаса жүріп шешу сияқты саясат ісінде ірілік көрсетті. Смағұл 1914 жылы Омбы қаласында ашылған қазақ жастарының алғашқы ұйымы «Бірлікте» қызмет етті. «Бірлік» ұйымының мақсаты – Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау... 1916 жылы «Бірлік» ұйымы «Балапан» деген журнал шығарып, жастарға қызмет етті. «Жастарға жаңа жол» деген Смағұл Садуақасов кітабында: «Бостандыққа жетем, тендік алам десең, өзің қимылда. Аспанан саған құймақ жаумайды. Оны бір деп біл» деп

өзінен-өзі келмейтінін түсіндіріп еңбек жазды. Алдыңғы толқын Алаш зиялыларының халыққа қызметін үлгі етті. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтай арыстарды «қазақ ұлтшылдарының басшылары» деп атап, олардың ұлтқа сіңірген еңбегі арқасында өте қадірлі адамдар болғанын жастардың жадына құйып отырды. Смағұл 1920 жылы РК(б)П қатарына өткеннен кейін партия, кеңес жұмыстарына араласып, жастар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізді. Оларға арналған оқу курстарын ашып, дәріс оқыды. 1920 жылы Қазақстан өз алдына дербес автономиялы республика болғаннан кейін РКЖО Орталық комитеті Қазақ облыстық бюросының хатшысы қызметін атқарды» [4, 1-2 бб.].

С. Садуақасов шығармашылық қызметін, мемлекеттік қызметпен қоса атқаруда зор үлгі көрсете білді. Ол мемлекеттік биліктің түрлі қызметтерінде болуына қарамастан «Еңбекшіл қазақ», «Кедей сөзі», «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналының шығуында жауапты қызметтер атқарды. «В 1920 г. – редактор газеты «Кедей дауысы» (Омск), секретарь Казахского областного комитета РКСМ в Оренбурге. В этом же году избирается от Акмолинской губернии делегатом первого всеказахстанского съезда Советов. На съезде он избирается членом президиума Казахского центрального исполнительного комитета, а вскоре и членом ВЦИК. Позже назначается заместителем комиссара народного просвещения. В этот же период, с 1921 по 1928 гг., он был секретарем КазЦИКа, полномочным представителем КазАССР при ТурЦИК-е, председателем Государственной плановой комиссии КазАССР, ответственным редактором краевой газеты «Еңбекші қазақ». Всю свою энергию, силу таланта Садуақасов направил на улучшение народного образования, воспитание местных кадров. Принципиальный и настойчивый нарком просвещения не пришелся по душе Ф. Голощекину. На шестой партконференций Садуақасов освобождается от своих должностей и назначается ректором Казахского педагогического института (ныне АГУ им. Абая). Позже Садуақасов поступает в Московский институт инженеров транспорта, после окончания которого, опасаясь его пребывания на родине, его по специальности направляют на работу на строительство железной дороги Москва – Донбасс. Здесь 16 декабря 1933 г. Его не стало» [5, 499 б.].

С. Садуақасов қандай мемлекеттік қызметте жүргеніне қарамастан басты мақсаты – қарапайым халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту болды. Егер әділетсіздік көрсе, шындықты айта білетін азамат болатын. Ол өзінің «О национальностях и националах» атты мақаласында Кеңестік жүйенің, оның ішінде сол кезде Қазақстанды басқарып отырған Ф. Голощекиннің жүргізіп отырған теріс саясаттарын ашық түрде әшкерлейді. С. Садуақасовтың ойынша, Кеңес одағына кіретін барлық республикалар теңдей дәрежеде даму керек. Орта Азия республикаларының бұрынғы империялық дәуірдегідей шикізат аймағы болып қала берсе, онда жаңа жүйенің сол кездегі биліктен айырмашылығы жоқ екенін ашық айтты. Ф. Голощекиннің республикадағы негізсіз, әрі әділетсіз саясатына қарсы шықты.

Бір мысал. С. Садуақасовтың Ж. Аймауытовты жаладан қорғауы жайында Ф. Голощекиннің VI-шы Бүкілқазақтық өлкелік комитетіндегі сөзі: «Онан соң, заң қарпінің адамдары бізде қоғамдық талаптармен санаса бермейді. Біз мынандай жағдайларға жиі ұрынамыз: Қоғамдық жағдай біреулерді соттауды қажет етеді, ал, «заң қарпінің» адамдары бізге кедергі келтіреді. Губернияда қоғамдық, кеңестік міндеттер тұрғысынан оны айыптайды. Жоғарғы Сот мұны ескермейді және ақтайды. Керісінше болып шығатыны да бар. Мұндайда кейде үлкен адамдар ықпалының әсер ететіні де бар... Сіздер Садуақасовтың тарихын білесіздер: Аймауытовты және басқаларды соттаған кезде, ол – Өлкелік комитет мүшесі және үкімет мүшесі, Өлкелік комитеттен сұрамай, сотталуын бүкіл Қазақстан күтіп отырған адамдарды жақтауға ашық кірісті. Бұл қайда жарайды! (Қараңыз: Отчет Краевого комитета VI Всеказахской партконференции... Кзыл-Орда. 1928, 82-83 бб.). Келтірілген үзіндіден Қазақстанның сол жылдардағы басшысының революциялық заңдылық дегенді жамылып, өзіне ұнамайтын кейбір жауапты қызметкерлерді заң органдары арқылы жазалауға аңсары ауып тұрғанын аңғару қиын емес. Бірақ, оның ойлаған ойын толық жүзеге асыруына Смағұл Садуақасов, Нығмет Нұршақов, Жалау Мыңбаев, Сұлтанбек Қожанов тәрізді қайраткерлер кедергі жасады. Ол айтқандай, С. Садуақасовтың белгілі қазақ жазушысы Жүсіпбек Аймауытовты қызғыштай қорғап, сот залында әділетсіздік тырнағынан күшпен босатып алғаны рас. Мұның бәрі Голощекинге ұнамады» [6, 13-14 бб.].

С. Садуақасовтың қысқа ғұмыры, елі мен жері үшін мәнді өткені мәлім. Оның әсіресе Қазақ АССР-нің Түркістан АССР-гі өкілетті өкілі болып қызмет етуін атап өту қажет. Себебі, Қазақстан үшін Түркістан республикасы өте маңызды өлке болатын. Қазақтар көп қоныстанған республиканың оңтүстік шығыс, оңтүстік облыстары Түркістан республикасының құрамында болатын. Осы екі республикадағы қазақтардың байланысын төмендетпеуге, ондағы қазақтардың жағдайын бақылаудағы қызметін ескеру қажет. Әсіресе, 1924 жылы орын алған Орта Азия республикаларын

межелее саясаты басталғанда ұлт зиялыларымен бірге қазақ жерлерінің Қазақ АССР-нің құрамына қайтаруда көп үлесін қосты.

Жалпы қорыта келгенде, Смағұл Садуақасов Қазақстанның қиын-қыстау, тағдыры дүрбелең кезеңде өмір сүрді. Ол жастайынан елінің, жұртының мұң-мұқтажын, қажеттерін білдіруде көп еңбек еткен азамат. Оның Кеңестік империяның кеселді саясатына ашық қарсы шығуы, Түркістан АССР-і таратылған тұста қазақ жерлерінің Қазақстанға қайта қосылуында, 30 жылдардағы ашаршылық тұсында еліне адал қызмет еткен бір туар, қаймықпас азамат. Оның қолынан көптеген шығармалары, туындылары мен ғылыми мақалалары жарияланды. Еңбектерінің негізгі мақсаты – әділдік, теңдік, патриоттық сезімді күшейтуге бағытталған.

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 бет.

2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 бет.

3. Садвақасов Смағұл. <http://www.biografia.kz>. – 4 бет.

4. Махат Д. Ілгерінің тағдыры жастардың қолында. <http://www.nurastana.kz>. – 3 бет.

5. Антология социально-политической мысли Казахстана с древнейших времен до наших дней (в двух томах). – Алматы: Институт развития Казахстана, 2002. – 556 с.

6. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 бет.

\*\*\*

In this article author considers activity of stately and public man Smagul Sadvakasov which made own contribution in arrangement of Soviet Union power at Kazakhstan region and in returning Kazakh lands.

\*\*\*

Автор в этой статье рассматривает деятельность видного государственного и общественного деятеля Смагулова Садвакасова, внесший вклад в установлении советской власти в Казахстане и в возврат Казахских земель.

*С.К. Есетова*

## ИСТОЧНИКИ МИГРАЦИОННОГО ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В современном государстве одним из важных направлений организации жизни общества и поддержания порядка является регулирование потока движения населения. Эта деятельность имеет также огромное значение для обеспечения различных аспектов национальной безопасности. Миграция как процесс перемещения населения между различными регионами является одним из важнейших источников формирования населения в разных странах мира.

К началу третьего тысячелетия феномен миграции стал одним из главных факторов многих глобальных проблем. Это обстоятельство требует новых подходов к миграционно-правовой политике, определению приоритетных источников современного миграционного права как на международном, так и на национальном уровне.

Н.М. Коркунов определяет источник права как юридическую норму, форму в которой правило поведения объектировано. По мнению С.С.Алексеева, источником права можно считать акт правотворчества, который объектирован в документальном виде[1]. Определение Л.И.Спиридонова утверждает то, что под источником права можно понимать процесс селективной эволюции культуры, который вобрал в своих нормах поведения весь опыт человечества в социальной сфере[2]. А.С.Ибраева считает, что источником права является внешняя форма объективизации правовой нормы[3].

Мы исходим из того, что источник права - способ, с помощью которого находят внешнее выражение нормы права. Некоторые учёные отождествляют источник и форму выражения права, другие проводят между ними разницу, определяя источник как явление, порождающее нормы права, а форму выражения — как некий «контейнер норм», не совпадающий по своей сути с источником.

Различают источник права в материальном, идеальном и формальном (юридическом) смысле. Источник права в материальном смысле - это сами общественные отношения, то есть материальные условия жизни общества, система экономических отношений, существующие в обществе формы собственности и т.п. Источник права в идеальном смысле - это правосознание и правовая культура. При этом имеется в виду, как правосознание законодателей, так и правосознание народа, которое оказывает влияние на формирование права. Источник права в формальном (юридическом) смысле - это способ закрепления и существования норм права. В целях данной статьи мы рассматриваем источники права в формальном смысле. Применительно к миграционному праву источниками права являются формы, в которых выражены принципы и правила поведения субъектов миграционных отношений. Основным источником права в Казахстане и в государствах континентальной Европы признаётся нормативный правовой акт.